

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 9: Новый вектор развития высшего образования и науки» посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 45-48

## **ЖАСТАРДЫҢ АУЫЛДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

*Г.Әнуарбек*

Жұмыссыздық әлемдегі орталық проблемалардың бірі болып табылады. Және де ол бір жүйеден екіншісіне өтетін елдерде кең байқалады.

Мысалға мұндай процес Қазақстанда жүріп жатыр. Ол өзімен бірге бірқатар жаңа проблемаларды алып келеді. Сонымен қатар жұмыссыздық проблемасы адамдармен тығыз-байланысты және соларға тікелей әсер етеді. Жұмысынан айрылу олардың табысының азаюына, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, сонымен қатар психологиялық стреске алып келуі мүмкін. Осы себепті көптеген саясат адамдары өзінің сайлауалды компанияларында жұмыс орындарын жасауға көп көңіл бөледі.

Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы еңбек нарығын кеңейтуге жағдай туғызады. Өзін-өзі жұмыспен қамтушы, жұмыссыздарды және аз қамтылғандарды жаңа өндірістік және ауылшаруашылық кәсіпорындарға, ірі инфрақұрылымдық жобаларға тарту мемлекеттің басты әлеуметтік міндеті кедейлік деңгейін төмендетуді шешеді.

Бұдан өзге, ол 50 жастан асқан адамдар арасында кәсіпкерлік ынтагерлікті, жеке қосалқы шаруашылықты, үй еңбегін, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығын дамыту мақсатында «Бизнестің жол картасы-2020», «Агробизнес-2020», «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламалары аясында қолданылатынын мәлімдеп кеткен еді.

«Ынтагерліктің басты мақсаты - қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар аясында әйелдерді, ең алдымен 50-ден асқандарды, еңбекпен қамтуға мүмкіндік беретін жұмыс орындарын құру, сонымен қатар қаржыландыруға қолжетімділікті және қала мен ауылда жеке ісін ашуға мүмкіндікпен қамтамасыз ету.

Оған қоса, министр 50 жастан асқан тұлғаларға арналған жұмыс орындарын үлестеуге қатысты заңнамалық актілерге өзгертулер енгізіледі және желтоқсан айында әлеуметтік жұмыс орындары туралы заң қабылданады деп хабарлады. Ынталандыру ретінде тегін кәсіби техникалық оқуға мүмкіндік пен қолжетімділік қарастырылуда. Кешендік жоспар 50 жастан асқан барлық адамдарға қатысты, бірақ әйелдерді еңбекпен қамтуға баса назар аударылады.

«Бүгін республика бойынша әйелдердің жұмыссыздық үлесі 6,9%-ды құрайды». Айта кету керек, Еңбек министрлігі кәсіпорындардағы 50 жастан асқан тұлғаларды еңбекпен қамту дискриминациясын бақылауды қамтамасыз ету бойынша бірқатар шаралар қарастырған.

2012 жылға «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын жүзеге асырудың қортындысы Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрақты және тиімді

жұмыспен қамту арқылы халықтың табысын арттыруға көзделген «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын жүзеге асыруда.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше 2012 жылы жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 378 мың адам қатыстырылып, 316 мың адам еңбекпен қамтылған.

I бағыт «Өздерін жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және аз қамсыздандырылған халықты оқыту және көмек көрсету» бойынша, 2012 жылға мәлімет бойынша, оқытумен 63,2 мың адам қамтылған, олардың 28 мыңы оқуды аяқтап, ал оның 22,3 мыңы жұмыспен қамтылған.

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін дәл орнында 5 884 жұмыс берушімен келісім-шарт жасалынған, соған сәйкес жұмыссыз азаматтардың ішіндегі 27,5 адам жұмыспен қамтылған.

Жастар іс-тәжірибесін ұйымдастыру үшін 7 573 жұмыс берушімен келісім-шарт жасалынған, соған сәйкес 24,9 мың адам еңбекпен қамтылған.

II бағыт «Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға көмектесу» бойынша 6,3 мың адам кәсіпкерліктің негіздерін оқытудан өтті, микронесиелерді 6,6 мың адам алды, бұл 4,6 мың адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етуге көмектесті.

III бағыт «Мобильділік пен еңбек ресурстарын арттыру» шеңберінде 2011 және 2012 жылы 4627 пәтерлік 1158 үйдің құрылыс белгіленген болатын, оның ішіндегі жеке тұрғын үй - 1068, көп пәтерлі - 90. 2012 жылға 764 үйдің (2763 пәтер) құрлысы аяқталған, 2,2 мың адам еңбекпен қамтылған, 2,1 мың отбасы көшірілген.

IV бағыт «Ауылдық елді мекендерді дамыту» бойынша 2012 жылы 565 жобаны жүзеге асыру қарастырылған, оның ішіндегі 309 жоба - әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын жөндеу, 138 - инженерлік-көліктік инфрақұрылым жобалары, 43 - коммуналдық сала нысандары және 75 жоба ауылдарды көркейтуге жатады. 2012 жылы жобалар аясында ауылдық жерлерде шамамен 7,3 мың жұмыс орны құрылған, Бағдарламаның 4,4 қатысушысы еңбекпен қамтылған. 563 жоба толығымен аяқталған.

**Быттыр Американың Еңбек департаменті жүргізген зерттеудің нәтижесі біз үшін қызық. Департамент сарапшыларының сөзіне сенсек, бұл елде 25-34 жастағылардың жұмысқа орналасуы қиын көрінеді. Сондықтан жастар арасындағы жұмыссыздық 10 пайызға жетеқабыл, ал егделер арасында бұл көрсеткіш 6 пайыз шамасында.**

Мұнда 55 жастағылар зейнетке шығуға асықпайды, қайта 70-75 жасқа дейін еңбек еткісі келеді. Өйткені қартайғанда қаржыдан қысылмай өмір сүрсем дейді. Дегенмен кілең кәрі-құртаң жастардың жұмысқа орналасуына бөгет болып отыр дейтіндер қателеседі. Ең әуелі жұмыстың сапасына мән беретін елде кәрі-жасқа қарамайды. Әрі 60-тағы тәжірибелі қызметкердің орнына 25 жастағы маман келіп, өзіне жүктелген міндетті әп дегеннен дәл солай атқарып кетуі – сирек кездесетін құбылыс.

Ал бізде – керісінше. Егде адамды жұмысқа алуға құлшынатындар аз. Ол үшін сені ешкім алмастыра алмайтындай, майталман болуға тиіссің. Қарапайым ғана мысал, ол маған менің анамның жұмысқа орналаса алмай отырғанында. Жасы 50 ден асып барады, дегенмен, қолында 2 дипломы бар, оның үстіне 25 жыл мектепте тәлім берген, 3 жыл методолист болып қызмет еткен

білікті филолог, психолог. Қалаға келгеннен жұмыс орнын таба алмай келеді. Қайда барса да ең алдымен жас ерекшелігіне мән береді. Дәл осылай көпшілік жұмысқа тұра алмай әлекке түседі. Осы мәселені шешуді көздегендіктен шығар, жуырда Үкімет «50 жастан асқандарды жұмыспен қамтудың кешенді жоспарын» («Бастама 50+») қабылдады.

Кешенді жоспарға сәйкес, мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде жұмыс орындары құрылады. Әсіресе, Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламасы мен «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 50 жасты еңсергендерді кәсіпкерлікке ынталандыру қарастырылған. Жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасында мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және өнімді қайта өңдеу жобаларын жүзеге асыру көзделген. «Агрокәсіпкерлік-2020» бағдарламасына егде фермерлердің қаржы қоры мен жаңа технологияға қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін қосымшалар енгізу ұсынылып отыр. Сондай-ақ қашықтан пайдаланатын жұмыс, ұсақ кәсіпорындарға жәрдем беру, ауыл кооперативтері мен отбасы фермаларын құруға қол ұшын созу жағы да қарастырылмақ.

Ресми құжатты қарапайым тілге аударсақ, егде жандарды жұмыспен қамтуда ұсынылатын бағыт екеу. Бірі – өз кәсібін бастау. Екіншісі – фермерлікпен айналысу.


Айта кету керек, осы жоспарды әзірлегенде министрлік мамандары ТМД елдері мен алыс шетелдің тәжірибесін есепке алған екен. Соның бірі – 55-тен асқан адамдарға жұмыс орындарын квоталау. Мәселен, Германияда жұмыс берушілерді ынталандыру үшін квотаға қоса, 50-ден асқан адам жаңадан жұмысқа қабылданған кезде оған субсидия беру қарастырылған. Ал Франциядағы ірі кәсіпорындар 50 жастан асқан өз қызметкерлеріне қысқа жұмыс күнін ұсынады, бірақ толық жалақы төлейді. Еуроодақ елдерінде зейнетке таяған қызметкерлерді кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламасына сәйкес, үздіксіз дайындау стратегиясы қолданылады.

Кейбір елдер, соның ішінде Болгария, Ресей Федерациясы, Македония республикасы мен Украина егде қызметкерлерді ақысы төленетін қоғамдық жұмыстар бағдарламасына қосып қойған. Енді мұның бәрі бізде де қолға алынса болар еді.

Бір қарағанда «Бастама 50+» жоспары мүлтіксіз. Бірақ оны іске асыру оңайға соқпайтын сияқты. Егделерді кәсіпкерлікке тарту арқылы елдің бәрін жұмыспен қамти алмайтыны белгілі. Оның үстіне, кез келген бизнеске қаржы жағын айтпағанда, мықты денсаулық, күш-қайрат пен тың идея қажет. Кез келген адамның да фермерлікпен айналыса алмайтыны белгілі. Сондықтан кешенді жоспардың «50+» жастағы жандарды жұмыспен толық қамтуын қамтамасыз етуі күмәнді көрінеді. Статистикаға қарасақ, елімізде 2,7 млн адам – өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандар. Оның 182 мыңы – жұмыс беруші, яғни кәсіпкер қауым. 26 мың адам – өндірістік кооператив мүшелері. Отбасылық кәсіпорындарда жұмыс істейтіндер – 39 мың адам. Ал 2 млн 445 мың адам өз бетінше жұмысын жүргізеді. Осылайша екі жарым миллиондай адамның тұрақты табыс көзі жоқ. 475 мың адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Ал жоспар бойынша 2020 жылға дейін елімізде 508 мың жұмыс орны құрылмақ. Бұл –

ресми тіркелген жұмыссыздардың ғана орнын жабады деген сөз. Сонымен қатар, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі әйелдерге бірнеше кепілдік ұсынады. Министр Серік Әбденовтің айтуынша, зейнетақы жүйесінің алдағы жаңғыртылуы бірнеше мәселені қоса қарастырады. Соның бірі – зейнет жасына жетіп қалғандардың жұмысқа тұруына және жұмыс орнын сақтауына қатысты кемсітушілікке жол бермеу. Шынында да, осы күнге дейін адамды жасына (жынысына) қарай жұмысқа алу талабына мән берілмеп еді. Жуырда Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті бұдан былай жасы мен жынысына қатысты талабы көрсетілген хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жарияламауға кеңес берді. Осыған орай, алдағы уақытта кейбір заңнамаға өзгерістер енгізілуі мүмкін. Бұл мәселеге қатысты мемлекеттік бас еңбек инспекторы Серікқали Бисақаев «ҚР Конституциясы мен Еңбек кодексінің 7-бабына сәйкес, барлық азаматтардың құқығы мен мүмкіндігі тең. Қазақстанның бірде-бір азаматы өзінің еңбек құқығын жүзеге асыруда жынысына, жасына, дене кемістігіне, ұлтына, дініне, саяси көзқарасына, қандай да бір руға не жүзіне қарай дискриминацияға ұшырамауы тиіс» деген пікірін жеткізді. Ниет жақсы, бірақ баспасөзде жариялаған хабарландыруда жасы мен жынысын көрсетпесе де, жұмыс беруші әлгіндей «белгілерді» үміткермен бетпе-бет келгенде есепке алмасына кім кепіл. Сондықтан 50 ,40-тан асқан жұмыссыз әйелдердің өз қарым-қабілетіне сай жұмыс табуы әзірге оңай шешілетін мәселе емес. Оған көз жеткізу үшін жұмыс берушілердің хабарландыруына көз жүгіртсек те жеткілікті.

**2012-2013 жылдардың I жартыжылдығына  
Азаматтарға көрсетілген мемлекеттік  
қызметтердің саны**



Қазіргі таңда, Шымкент қаласының халық саны 669,3 мың адамды құрауда, оның ішінде, экономикалық белсенді халық саны - 315,6 мың адам. 2011 жылмен салыстырғанда (статистикалық органның мәліметі бойынша) қала халқының саны халықтың ішкі миграциясы есебінен 18 мыңға адамға өскен. 2013 жылдың 6 айында жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне 9569 азамат жұмыспен қамту жөнінде өтініш білдірсе, оның 8155-сі жұмыспен қамтылып, 85,2%-ды құрады.

Шымкент қаласы бойынша 2013 жылы 6858 жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланған. 2013 жылдың 6 айында жалпы 4650 жаңа жұмыс орындары ашылды. Оның ішінде, өнеркәсіп саласында - 1045, көлік және транспорт саласында 75 жаңа жұмыс орындары ашылды.